



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 97 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

***«Жоғалып бара жатқан және сирек кездесетін
жануарлар түрлері» монеталар сериясынан
«Сұңқылдақ аққу» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы***

2014 жылғы 19 желтоқсан

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 19 желтоқсаннан бастап «Жоғалып бара жатқан және сирек кездесетін жануарлар түрлері» монеталар сериясынан номиналы 100 теңгелік «Сұңқылдақ аққу» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Жоғалып бара жатқан және сирек кездесетін жануарлар түрлері» монеталар сериясынан «Сұңқылдақ аққу» күміс монетасының пішіні сопақ.

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы, монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24 g» деген жазу, ұлттық ою-өрнектің екі элементі, монетаның номиналын білдіретін «100 ТЕҢГЕ» деген жазу және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» және монета соғылған жылды білдіретін «2014» деген сан бар. Жазулар мен сан нүктелермен бөлінген.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) су айдыны мен жағалаудағы тоғай аясында сұңқылдақ аққудың алтындатылған бейнесі орналасқан. Айналдыра мемлекеттік тілде «СҰҢҚЫЛДАҚ АҚҚУ» деген жазу, латын тілінде түрдің зоологиялық атауы «CYGNUS CYGNUS» деген жазу бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Айналдыра шығыңқы жиек.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, сопағы 38,61 x 28,81 мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 13 мың дана.

Номиналдық құны 100 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Сұңқылдақ аққу» ескерткіш монетасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, «Польша Монета сарайы» акционерлік қоғамы және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасындағы монеталарды шығару мен сатуға арналған келісімге сәйкес дайындалды.

Бұл Келісім бойынша:

- Ұлттық Банк монеталарды сатады;
- Польша Монета сарайы монеталарды Қазақстаннан тыс жерлерде сату үшін оларды Ұлттық Банктен сатып алады;
- Қазақстан теңге сарайы монеталарды дайындаушы және оларды Польша Монета сарайына жөнелтуші болып табылады;
- дайындалатын монеталардың бір бөлігін (3000 дана) Ұлттық Банк оларды Қазақстанның ішкі нарығында коллекциялық құны бойынша сату үшін резервтейді.

Монета бетіне алтын жалатылған технологияны қолдана отырып дайындалды.

Сұңқылдақ аққу (лат. *Sygnus sygnus*) – үйрек тұқымдасына жататын, суда жүзетін ірі құс, салмағы 7 – 10 кг аралығында, кейде одан да көп. Денесі су бетінде қалқып бара жатқандай көрінеді, мойнының ұзындығы шамамен денесінің ұзындығына тең. Сұңқылдақ басқа аққулар сияқты «S» әрпінің пішінінде мойнын бүкпей, оны тік ұстайды.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Ол кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монетаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның www.nationalbank.kz сайтының «Ұлттық валюта» парақшасындағы интернет-дүкен арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны +7 (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 2 704 585; +7 (727) 330 24 97, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz.